

"Әуе кемелерін сатып алу" жобасы бойынша мемлекеттік кепілдік туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 31 тамыз N 1275

"Әуе кемелерін сатып алу жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы N 612 қаулысын одан әрі іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 339-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының, "Boeing Aircraft Holding Company", "Boeing Netherlands Leasing B.V." компанияларының 36 000 000 (отыз алты миллион) АҚШ доллары сомасына 1999 жылғы 28 мамырда берілген N 0000036 кепілдік (бұдан әрі - Кепілдік) бойынша талап ету құқығының "Boeing Netherlands Leasing B.V." компаниясына ауысуы туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

бұрын берілген Кепілдікті растасын;

"Boeing Netherlands Leasing B.V." компаниясын оған Кепілдік бойынша талап ету құқықтарының ауысқаны туралы құлақтандырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.